

Ұлытау облысы әкімдігінің 2024 жылдың 20 қарашадағы № 82/02 "Ұлытау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" қаулысын жою туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 96/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлытау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы №82/02 қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков